

Тарих сабағында келесі ақпараттық-коммуникациялық құралдарды пайдалана алуға болады:

- Мультимедиялық оқыту бағдарламалары, электрондық оқулықтар;
- Электронды кітапханалар мен энциклопедиялар;
- Интерактивті тренажерлер (тарих пәнінен тестілеу, емтиханға дайындық);
- Виртуалды мұражайлардағы экскурсиялар.

Осы дағдылардың барлығын игеру - қазіргі заманғы білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігінің негізі болып табылады. Мысалы, мен сабақ беретін үш 6 сыныптың екеуінде ғана мультимедиялық технологияларды қолдану мүмкіндігі бар, ал мультимедиямен жабдықталмаған сыныптағы оқушылардың білім сапасы параллель бойынша орташадан төмен.

Сонымен, мультимедиялық технологиялар оқу процесіне оң әсер етеді деген қорытынды жасауға болады. Алайда, тарих сабақтарында мультимедиялық технологияларды қолданудың кемшіліктерін атап өту қажет, оларға мыналар жатады:

- барлық сыныптар компьютермен жабдықталмаған;
- үй тапсырмаларын дайындау үшін кейбір оқушылардың үйде мультимедияны қолдана алмауы (компьютердің, интернеттің жоқтығынан);
- кейбір сәттерде мұғалімнің компьютерлік сауаттылығы жеткіліксіз болады;
- презентация жасау көп уақытты талап етеді.

Тарих сабағында ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасауға мүмкіндік береді, жаңа материалды қабылдау мен есте сақтауды жақсартуға көмектеседі, сонымен қатар мұғалімге оған сәйкес сабақтың барысын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, заманауи ақпараттық технологиялар білім алушыларға дәстүрлі емес ақпарат көздеріне қол жетімділікті қамтамасыз етіп, өзіндік жұмыс тиімділігін арттырады, шығармашылық, әр түрлі кәсіби дағдыларды меңгеру және шоғырландыру үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015 ж. дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы. //Егемен Қазақстан. – 2003. – 23 желтоқсан.
2. Мұхамеджанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.
3. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. Алматы, 2003.
4. Ахметова С.Р. Пікірсайыс технологиясын педагогикалық үрдісте пайдалану. Семей, 2005.
5. Аствацатуров Г.Мультимедия сабағын жобалау технологиясы / Г.Аствацатуров // Тарих мұғалімі. – 2002. – №2. - 2-6 б.
6. Боголюбов В.И. Педагогикадағы инновациялық технологиялар. /IN және. Боголюбов // Мектеп технологиялары. – 2005. – №1.
7. Дахин А.Н. Білім беру технологиялары: мәні, жіктелуі, тиімділігі /А.Н. Дахин // Мектептегі технологиялар. – 2007. – №2.

ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТАРИХТЫҢ РӨЛІ

Жуматаев М.А., э.ғ.м., тарих мұғалімі
Нұр-Сұлтан қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебі
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Салауатты да өнегелі ұрпақ тәрбиесі – қоғам дамуының қандай сатысы болмасын мәнін жоймайтын, әрдайым ізденіс пен жауапкершілікті қажет ететін мәселе. Кез келген өркениетті мемлекеттің әр тарихи кезеңінде алдына қоятын маңызды мақсаты мен жауапкершілігі жоғары миссияларының бірі - өзінің ісін, дәстүрі мен ғұрыптарын, тілін, ділін (менталитет), құнды ақпараттарға толы тарихын жалғастыратын өнегелі және саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың қазақ халқының тарихын айқындайтын рухани және заттай деректерін сақтап, келешек ұрпаққа аманат ретінде қалдыруы – маңызды тарихи қадам. Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ салауатты ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүю секілді ең асыл қасиеттерді қан мен жанына сіңіруде осы ата-бабаларымыздың салт-дәстүр негізін ұстануы мен тарихымызды толық білуінің кепілі болып табылады. [2, 1 б.]

«Өз тарихын құрметтемеген адам, өзін де құрметтемейді» – дейді халық даналығы. Бұл нақыл сөздің түпкі сырына үнілетін болсақ, шын асыл да қымбат қазына өзіміздің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тарихымыз қилы уақыт, өтпелі кезең, ұлы жетістіктерді басынан өткерсе де, сыны мен сипатын өзгертпейді. Дәстүрге арқа сүйемегеннің көсегесі көгермейді деген атамыз. Яғни отбасы ауыл-аймақ, көпшілік, қоғам болып тәрбиелеу қазақ халқының өмірінен өзекті орын алған. Салт-санасы, әдет-ғұрпы, ойын-тойы осы мақсатты іске асыруға бейімделе жүргізілген. Болашақ жастарға тәлім тәрбие беруде Отанымыз отбасы мен мектепке үлкен борыш артады. Отбасы болашақ азаматтың жеке басын аяғынан тұрғызып, егеменді еліміздің болашағын, негізін жасайтын іргетас. Болашақ азаматтың отбасында алған тәрбиесі, мінезі, жақсы мен жаманды ажырата білуі, үлкендерден алған өнегесі уақыт өткен сайын берік қалыпқа түсіп, оның өмірінен үлкен орын алады. Жас ұрпақтың өнегелі тәрбие, білім алуына оны жалғастырушы-мектеп. Мектеп-қоғамдық ұйымдар мен отбасы тәрбиесін ұштастыратын негізгі ұйытқы, орталық.

Баланың ақыл-ой, адамгершілік-әдеп тәрбиесімен қоса, жас шамасына лайықты еңбек тәрбиесі, спорт түрлерімен шұғылдануын ата-ана қадағалауы керек. Балалардың жан сұлулығымен қатар тән сұлулығына да мән берген жөн. Тапсырылған жұмысты дұрыс орындамаса жекіп ұрса берудің орнына, жұмыстың қалай жасалатындығын көрсетіп, үйретумен бірге баланың шамасына, икеміне қарап содан кейін оның дұрыс орындалуын талап ету керек. Мектепте ата-аналар жиналысына бірді-екілі ер адам қатыспаса, одан көп ер адам қатыспайтыны белгілі болса да қынжылтарлық жәйт. Соңғы кезде бала тәрбиесімен айналысатын ата-аналардың жылдан-жылға азаюы, ата-аналардың өз міндеттерін білмеуі, білсе де мойындамауы жиілеп кеткені соншалық, көптеген ата-аналар баласына қарамайды, жұмысым жоқ деген желеумен сауда жасап, мектептің қайда екенін білмейтін ата-аналар кездесетіні өмірдегі шындық. Даналық сөздермен оза білген қазақ халқымызда «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген сөз бар. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, біз халықтың нақыл сөзінен сусындаған, аталар сөзімен өсіп-өнген даналар өсиетінен тәрбие алған, ұлылар тәрбиесінен тағзым еткен дана халықтың ұрпағымыз. [2, 2 б.]

Қазақ халқының тарихы жас ұрпақты өте құнды ақпаратпен қамтамасыз ететін сала. Сондықтан да ұлттық тарихымыздың пән ретінде мектеп қабырғаларында оқытылуы, ғылыми сала ретінде зерттелуі жас ұрпақтың өз елінің жалғасып келе жатқан ғұмырында болған және болатын түрлі кезеңдерді, естен кетпес оқиғаларды жадында сақтап, шын ниетпен құрметтеуі – әр қазақстандық үшін үлкен міндет болып табылады. Тарих пәні мектеп оқушыларының еліміздің тәуелсіздік жолында бастан өткен кезеңдерін білу және талдау, қазақ халқының салт-дәстүрі мен рухани мәдениетін қадірлеу, қазақ зиялыларының еңбегін бағалау, ұлт болашағын ойлауына маңызды бағыт беретін жүйе. [2, 2]

Тарихты мектепте оқыту – күрделі, сан қырлы, қарама-қайшылыққа толы педагогикалық құбылыс. Оның заңдылықтары оқушыға білім беру, оны дамыту мен тәрбиелеу арасындағы объективті байланыс негізінде анықталады. Ал үдерісінің (процесінің) негізі – оқушыларды оқыту. Әдістеме оқушылардың білім алу қызметін оқытудың мақсат-міндеттеріне орай, оқу материалын меңгеруге басшылық жасаудың әдістерін, тарихты оқыту барысының негізгі бөліктері арасындағы объективті, тұрақты қайталанатын байланыстарын оқып, зерттейді және оқытудың мақсаты мен мазмұнын айқындап көрсетіп береді. Мақсат пен мазмұнға сәйкес оқыту мен білім берудің ыңғайлы түрі таңдалып алынады. Тарихты оқыту үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі орта мектеп оқушыларының тарихи білімді меңгеруде жақсы нәтижеге қол жеткізуінің тұрақтылығымен анықталады [1].

Жоғары деңгейде тұжырымдалған жалпытарихи және әлеуметтік түсініктер жүйесін меңгеру оқушыларды тарихи даму заңдылықтарын түсінуге алып келеді. Тарихи даму заңдылығын ашу дегеніміз – тарихи құбылыстар мен процесстер арасындағы объективті, ішкі, маңызды, үнемі қайталанып отыратын байланыстырды анықтау деген сөз. Бұл байланыстарды анықтау үшін оқушы фактылық білімнің үлкен қорын меңгеруі керек. Сондықтан, тарихи даму заңдылықтарын түсінуді қалыптастыру ұзақ та күрделі болып келеді.

Тарихи үдерістің заңдылығын меңгеру үшін тарихи құбылыстардың арасындағы белгілі-бір байланыстар тобын анықтай алу керек. Оның алғашқысы – себеп-салдарлық байланыстар. Оны саналы түрде меңгеру үшін байланысқа түсуші әрбір түсінік пен құбылыс туралы және олардың байланысының себебі мен салдары, яғни нәтижесі туралы толық білім оқушы санасынан орын алуы тиіс [4].

Мысалы, мемлекеттің пайда болуын түсіндіре отырып мұғалім өзара байланысты образды фактілердің тізбегін құрайды. Яғни, еңбек құралының жетілуі, еңбек өнімділігінің артуы, артық өнімнің және бір адамның екінші адамды қанауының мүмкіндігінің, қарама-қарсы таптардың,

мемлекеттің пайда болуы. Осы тақырыпқа байланысты кесте мектеп оқулығында бар, бірақ соның аппликациялық түрін сабақ үстінде оқушылардың көзалдында біртіндеп құру маңызды. Мұғалім түсіндіруін тыңдап және көрнекі образдарды көре отырып, олар заңдылық тізбесінің әрбір бөлігінің кезектілігін тереңірек түсетін болады. Ең алғаш рет бұл схема Ежелгі Египет тарихы материалын меңгеру кезінде түсіндіріледі. Дәл осы тізбе Қосөзен және Грекия мемлекеттерінің пайда болуын түсіндірген кезде де пайдаланылады. Оқушылар бұл тізбені өзбеттерінше құрастыра бастаған кезде мұғалім тапсырманы күрделілендіреді. Индия мен Қытайдағы мемлекеттердің пайда болуын қарастыру кезінде (оқу жылының соңы, оқушылар нақты фактілік материалдың үлкен қорын жинақтаған, кесте тізбесінің кезектілігін меңгерген кез) мұғалім тізбе байланыстарының алғашқы және соңғы нүктелерін ғана көрсетеді де, қарастырылатын елдің нақты материалының негізінде еңбек құралының жетілуі мен мемлекеттің пайда болуы тізбесін оқушылардың өздерінің толық құрастыруын талап етеді.

Байланыстардың екінші тобы – аймақтық байланыстар. Мысалы, ежелгі дүние мемлекеттеріндегі табиғат жағдайы мен шаруашылық түрлері арасындағы байланыстар, адамзат қоғамының белгілі-бір бағытта дамуына оның географиялық жағдайының ықпалы және т.б. Тарихпен таныса отырып, оқушылар қоғам өміріне табиғат жағдайлары бірқатар ықпал етеді; ежелгі заманда адам табиғатқа тәуелді болады; табиғатты толық меңгергеннен кейін адам оны қорғай бастады деген қорытындыларға келеді. Жоғарғы сыныптарда экологиялық мәселелерге үлкен көңіл бөліне бастайды.

Байланыстардың үшінші тобы – мерзімдік байланыстар, яғни, белгілі-бір кезең ішінде болған оқиғалар мен құбылыстардың реттілігі мен бірмерзімділігін анықтау. Мысалы, феодалдық қоғамның дамуының белгілі-бір кезінде феодалдық бытыраңқылықтың пайда болуы мен орталықтандырылған мемлекеттердің қалыптасуы ортағасырлық мемлекеттерде ғана жүзеге асып отырды. [2, 2]

Заңдылықтарды қалыптастыру оқушылардың белгілі-бір интеллектуалдық іскерліктерді білуін қажет етеді. Сондықтан, оқушылардың тарихи заңдылықтарды түсіну қабілетін көтеру үшін олардың жалпы ойлау қабілетін дамыту да қоса-қабат жүргізілуі қажет. Ол әртүрлі әдіс-тәсілдер көмегімен жүзеге асады. Соның біреуі – салыстыру әдісі. Салыстыру барысында құбылыстар мен үдерістердің (процесс) жалпы белгілері мен ерекшеліктері, олардың даму идеясының өзі анықталады. Салыстыруға үйрету міндетті түрде төменгі сыныптардан бастап, жоғары сыныптарға қарай бірте-бірте күрделілене береді. Алғашқы кезде оқушылар құбылыстардың тек ортақ белгілерін, немесе айырмашылықтарын ғана іздеп табады, ал салыстыру үшін оларға тарихи құбылыстардың аз ғана белгілері беріледі. Бірте-бірте ұқсастықтары мен айырмашылықтары бір мерзімде табылуы тиіс нысандардың саны көбейе береді, ал салыстыру неғұрлым абстрактылы түрде жүргізіледі. [3]

Қорыта келгенде қазіргі таңда жас ұрпақты әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, тарихымызды, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын жастардың санасына сіңіре білу басты қадам болуы қажет. Жас ұрпақты ұлтжанды ретінде қалыптастыру, елін, жерін сүю, оны қорғай білуге үйрету, оқушы бойында патриоттық сезім мен адамгершілік сананы қалыптастыру-егеменді мемлекетіміздің әр отбасы мен азаматтарының міндеті. Елдің ертеңгі ұрпағы, киелі жердің иесі – жас ұрпақ тәрбиесі біз бен сіздің ортақ мақсатымыз. Бұған қоғам алдындағы үлкен міндет ретінде назар аударған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. Астана, 2010.
2. Мұқатаев А. Тәрбие көзі тарихымызда. <https://www.nkzu.kz/files>
3. Баймұратова Б. Отбасындағы баланы мектепке дайындау. - Алматы: 2000.
4. Әдиет Қ. Ұлттық құндылықтар негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу. <https://e-history.kz/kz/news/show/456/2017>.